

Атырау облысы Білім беру басқармасының
Құрманғазы аудандық білім бөлімінің «Мерей» бөбекжай
балабақшасының Коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорыны «Қамқоршылық кеңес» отырысының

ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 4.09.2024 ж

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Күн тәртібі:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
- 2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
- 3.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, Балабақша меңгерушісі Муратова Ж.Қ .Балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне Ихсанов Айдос,Сабыр Нұрбол, Қайырмеденов Нұрболат, Сәлімғали Руфина, Гумарова Марал, Мухтарова Шолпан,Маткалыкова Дина,Мейрханқызы Анар, Каримов Қуаныш барлығы тоғыз адам келісім беріп отырғанын айтты. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Наурызбаева Б.Т таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша ,Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Ихсанов А.Ш ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақшаның дене нұсқаушысы Хисина Р.З тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Муратова Ж.Қ қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтандыруды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды., 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының

қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзете – дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1.Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып Ихсанов А.Ш сайлансын.

2.Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:



Ихсанов А.Ш

Хатшы:

Хисина Р.З